

Конференциядағы тәртіп нормалары

Kolesa Group конференциялары мен басқа да іс-шаралары (әрі қарай – Іс-шаралар) құрмет пен іскерлік атмосферасында өтеді.

Ұйымдастырушылар іс-шара барысында тәртіп пен дұрыс жағдайдың сақталуын қадағалауға

міндеттенеді. Іс-шарада жайлы әрі қауіпсіз қарым-қатынас жасау үшін біз барлық тараптан ынтымақтастық күтеміз.

Конференциямыздың қатысушылары, спикерлері, қонақтары мен серіктестері (әрі қарай – Конференция қатысушылары) келесі тәртіп нормаларымен келісуі тиіс.

Іс-шарада келесілерге рұқсат етілмейді:

- Кез келген кемсітушілік пен шыдамсыздық таныту.
- Қатысушыларды кез келген құрметтемеу, қорлау және арандату.
- Конференция тақырыбына қатысы жоқ саяси, ұлттық мәселелерді, қоғамдық-резонанстық мәселелерді, жаңалықтарды, кез келген нысанда және көріністе жария талқылау.
- ҚР заңнамасын бұзу.

Қорлайтын мінез-құлық пен әрекеттерге келесілер жатады:

- жынысына, гендерлік сәйкестігі мен түріне, жасына, жыныстық көзқарасына, мүгедектігіне, сыртқы келбетіне, дене бітіміне, нәсіліне, этникалық және ұлттық тегіне, саяси ұстанымына, дініне немесе оның болмауына, таңдалған технологияларға қатысты мәлімдемелер мен пікірлер;
- локацияда сексуалдық суреттерді көрсету, саяси үндеулерді көрсету, қоғамда жалпы қабылданған консенсусы жоқ белгілі бір әлеуметтік ұстанымдарға үгіттеу, қасақана қорқыту, қудалау, мезі ететін фото, видео және аудиожазба, сөз сөйлегенде тоқтату және басқа да жағдайлар.

Бұл шектеулердің таралу аясы:

- ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау,
- сандық форматтағы және материалдық тасымалдағыштағы көрнекі материалдар,
- іс-шарадағы белсенділік.

Іс-шарада мобилді құрылғылар мен әлеуметтік желілерді пайдаланған кезде қатысушылар орынсыз немесе қорлайтын контентте жарияланым жасамай, әдептілік пен құпиялылық нормаларын сақтауы керек.

- Конференция қатысушылары басқа Қатысушыларға, Іс-шара ұйымдастырушылары мен қатысушыларына, Ұйымдастырушының қызметкерлеріне және Іс-шараны дайындап, өткізуді қамтамасыз ететін өзге де

тұлғаларға құрметпен қарауы тиіс.

- Конференция қатысушыларына адамның қадір-қасиеті мен қоғамы адамгершілікті қорлайтын алкогольдік мас күйінде болуға, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйінде болуға тыйым салынады.
- Іс-шаралар жүргізілетін аумақтар мен орынжайларда шылым шегуге, құрамында никотин бар өнімді (оның ішінде қыздырылатын темекі, құрамында никотин бар ерітінділер, сұйықтықтар немесе гельдер, басқа да осындай құрылғылар бар бұйымдарды) тұтынуға тыйым салынады.
- Жалпы ереже бойынша Конференция қатысушыларына жеке пайдалану үшін, бірақ түсіретін құрылғы (смартфон, фотоаппарат, видеокамера) экранының жарығы аз және жарқылы өшірулі болған жағдайда, Іс-шараны фотоға және видеоға түсіруге рұқсат етіледі. Жекелеген іс-шараларды (гастрольдік сөз сөйлеу немесе премьералық көрсетімдер) өткізу кезінде фотоға және видеоға түсіруге тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін, бұл жайында Іс-шара басталар алдында дауыстап хабарланады. Коммерциялық, жарнамалық және өзге де кәсіби фото-, видео-, кино- және телетүсірілімдердің кез келген нысандары қосымша аккредиттеуді және оның өткізілу шарттарын Іс-шара ұйымдастырушысымен келісуді талап етеді.
- Іс-шара аясында залда болған кезде Конференция қатысушылары тыныштықты сақтауға, сөйлеспеуге, жеке электрондық құрылғылардың (ұялы телефон, планшеттік компьютер, плеер, жеке автокөлік құралының салпыншағы және т. б.) дыбысын және жарығын өшіруге міндетті.
- Конференция қатысушылары Ұйымдастырушының мүлкіне ұқыпты қарауға, басқа қатысушыларға, Іс-шара ұйымдастырушылары мен қатысушыларына, Ұйымдастырушылардың қызметкерлеріне және Іс-шараны дайындап, өткізуді қамтамасыз ететін өзге де тұлғаларға мүліктік және басқа да зиян келтірмеуі тиіс.
- Конференция қатысушылары тазалық сақтауы тиіс, Іс-шара өткізілетін орындарда орналасқан конструкцияларға, құрылыстарға, ғимараттарға жазулар мен суреттер салуға, сондай-ақ Іс-шара ұйымдастырушысының тиісті рұқсатынсыз олардың жанына басқа заттарды орналастыруға тыйым салынады.
- Конференция қатысушысының кінәсінен келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұйымдастырушыға өтеп берілуі тиіс.

Ұйымдастырушылар жоғарыда аталған этикалық мінез-құлық нормаларын сақтамайтын және қорлайтын мінез-құлық көрсеткен конференция қатысушыларынан осы әрекеттерді тоқтатуын сұрай алады. Конференция қатысушылары өтінішті дереу орындауы керек.

Егер қорлайтын мінез-құлықтан бас тартқысы немесе тоқтатқысы келмесе, конференция ұйымдастырушылары қажет деп санаған шараларын қолдана алады: ескерту жасау немесе билеттің құнын өтемей, құқық бұзушыларға конференциядан шығару.

Жоғарыда аталған нормаларды бұзған адамдар үшін Kolesa Group-тың алдағы Іс-шараларына қатысуға уақытша шектеулер енгізіледі. Жоғарыда көрсетілген нормаларды өрескел бұзған жағдайда, тұлғалар компанияның бүкіл іс-шарасына қатыстырылмайды.